

SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI SEMEI

SHAŇYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2020 жыл №1 (123)
қаңтар

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев:

«АБАЙ АРМАНЫ - ХАЛЫҚ АРМАНЫ»

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз – бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруы тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың



төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың
«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан»
атты мақаласынан.
Нұр-Сұлтан, 2020 жыл.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ - КОНКУРС ЖЕҢІМПАЗЫ

2019 жылдың «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» аталымының иегерлері анықталды.

Шәкәрім университетінен осы аталымға техникалық ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор **Мирашева Гүлмира Оразбекқызы**, биология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы, қауымдастырылған профессор **Молдабаева Жанар Қалибекқызы** және техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Қасымов Самат Қайратұлы**, сондай-ақ экономика ғылымдарының кандидаты, профессор **Зейнуллина Айгүл Жұмағалиқызы** ие болды.

Айта кетейік, конкурсқа республиканың 81 жоғары оқу орнынан 471 үміткер қатысты. Оның ішінде 48 жоғары оқу орнынан 200 адам “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” атағына ие болды.

Бұл атақ жоғары оқу орындарының оқытушыларына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және біліктілікті арттыру мақсатында әлемнің жетекші университеттерінде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік береді. Құттықтаймыз!



ҰЛЫ АБАЙҒА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Шәкәрім университетінде АКМЕ халықаралық ағартушылар клубының кезекті отырысы өтті.

Ағартушылар клубы биылғы жылдың алғашқы жиынын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын талдауға арнады.

Жиынға қаламыздың зиялы қауым өкілдері мен Семей қаласы әкімінің орынбасары Айдар Садырбаев арнайы қатысты.

«Абайтану белестері», «Абай және мәдениет», «Абай және жастар», «Абай және Семей» тақырыптарында оқылған баяндамалар Президент мақаласын толық аша білді.

Жиынға қатысқан жастар бүгінгі талдау арқылы мақаланы толық түсініп, оның еліміз үшін маңызы зор екеніне көзіміз жетті дейді.

Сондай-ақ, қатысушылар тарапынан пікірлер мен түрлі ұсыныстар да білдірілді.



ВОЛОНТЕР БОЛУ - ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ



2020 жылды мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Еріктілер жылы» деп жариялаған еді. Президентіміз осы жылды еріктілер деп жариялағаны тегіннен тегін емес. Өйткені Қазақстанда еріктілер қозғалысының дамуы жаңа кезеңіне түсу мақсатында жасалып отыр. Айта кететін жайт, Қ. Тоқаев өз Жолдауында азаматтық қоғамды нығайтуда еріктілердің орны ерекше екендігін атап өткен еді.

Осындай игілікті жұмысты қайырымдылықпен теңестіруге болады. Қайырымдылық қазақ халқының қанына сіңген қасиет болғандықтан волонтерлікпен айналысу еш қиындықтарды тудырмайды. Ерікті дегеніміз не? Ол – өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға көмек беру, мұқтаж жандардың мұқтаждығын өтеу, қиын жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын беру арқылы және бұдан

ақша алмай жасалатын игі істер. Бұл жастардың бойына азаматтық позицияны, патриоттық сезімді оятатын бірден бір құралы десек қателеспейміз. Ерікті болу арқылы, жастар осы қоғамға бейімделіп, келешекте өзінің Отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бейжай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын өнегелі шара десек болады.

Семей шаһарындағы Жастар ресурсының орталығы мен «Shakarim volunteers club» еріктілерге қолдау көрсетіп, бірталай жұмыстардың атқарылуына мұрындық болды. Шәкәрім волонтер клубында әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мектеп жастағы кішкентай балаларына барып, қалып қалған сабақтарын оқытып, білім нәрімен сусындатып жүр.

Сондай-ақ жақында ғана Семей қаласының колледждері мен жоғары оқу орындарының студенттері қаланы қардан тазарту акциясына қатысты. Абай ескерткішіне іргелес аумақты қардан тазарту үшін отызға жуық волонтерлар шыққан.

Осы жылды «Еріктілер» деп жариялауды ұсынған, «Ұлттық еріктілер желісі» ұйымының төрайымы Вера Ким болды. Мемлекет басшысы бұл ұсынысты қолдайтынын айтып: «Еріктілер – жаны таза адамдар. Олар – елдің шынайы патриоты, сол үшін де құрметім шексіз. Белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз мемлекеттің дамуына айтарлықтай септігін тигізетіні сөзсіз», - деді.

«Qazvolunteer.kz» платформасы Қазақстанның волонтерлері мен волонтерлық ұйымдарының қызметін үйлестіруге, волонтерлық жобаларға арналған арнайы ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді. Аталған платформаға 800 ерікті мен 70 ұйым тіркеліп үлгерген. Бүгінгі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде 200 волонтерлық жұмыс істейді.

Ерікті болу – ерлікпен тең. Еріктілердің ерен еңбектері ақталып, азаматтық қоғам дамуына белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сеніміміз мол.

**Азиз Мұқанов,
Тәрбие бөлімінің бастығы.**

ОЙТАРАЗЫ

АБАЙ - ДАНА, АБАЙ - ДАРА

Елімізде хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойын 2020 жылы атап өту жөнінде Президентіміз Қ.Тоқаевтың Жарлығы шыққан еді. Бұл мерейтойдың басты мақсаты – ұлы дананың мұрасын халық ортасына кеңінен насихаттау болып отыр. Қазақ халқының рухани ұстазы, хакім Абайдың сарқылмас мұрасын тереңінен тану арқылы рухани құндылықтарымыздың көкжиегін кеңейтеміз. Біз осы мерейтойдың қарсаңында, университет оқытушылармен және студенттермен ой бөліскен едік.



Қазақ тілінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Төлеуғазы Мурсалимов:

– Абай даналығын халық арасына кеңінен насихаттауымыз керек. Абай- біздің рухани бағыт берер темір қазығымыз.

Әсіресе ел болашағы болатын жастар Абай даналығынан нәр алып өссе, болашағымыз жарқын болар еді. Біз қазір жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан ұлтымыздың рухы мықты болу үшін біз ұлы тұлғалардың мұраларына көбірек ден қоюымыз керек. Ал хакім Абай мұрасы - қазақ ұлтына мәңгілік рухани азық деп білемін.

Қазақ филология факультетінің 4-курс студенті Динара Базарханова:

– Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өмір сүрген Абай шығармашылығы әлі де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Хакім еңбектерін оқи отырып, бүгінгі замандағы көптеген түйіні шешілмеген сауалдардың жауабын Абайдан табасың.

Сондықтан, рухани ұстазымыздың мол қазынасын жастардың арасына көбірек насихаттауымыз керек. Егерде әрбір қазақ баласы хакім Абайды жете түсініп, оқыса әрқайсымыз бас ақын айтқан «толық адам» дәрежесіне көтерілер едік. Бүгінгідей өркениетті заманда бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін бірінші кезекте Абайдай ұлы ғұламаларымыздың даналықтарын өз бойымызға молынан жинақтауымыз керек.



Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технология кафедрасының, қауымдастырылған профессоры Гүлнұр Нұрымхан:

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойына арналған мақаласында көтерілген ең басты дүние - Абайдың шығармаларын өзге тілдерге аудару. Ұлы Абайдың шығармаларын кейде орыс тілінен немесе ағылшын тілінен басқа тілге аударып жатады. Ол дұрыс емес. Менің пікірімше түп нұсқадан яғни қазақ тілінен тікелей аударған жөн деп есептеймін,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін, біріншіден Абайдың ілімімен сусындауымыз керек, екіншіден жастарымыз әлемдік деңгейге шығу үшін ағылшын тілін меңгеру қажет. Қазақ жастарына айтарым ағылшын тілін меңгеріп, Абайды ұлттық брендке айналдыруды көздегендерің жөн. Бұл жүзеге асып жатса болашағымыз одан әрі кемел болар еді.



Ақпараттық-коммуникациялық факультетінің 4-курс студенті Мақпал Мұратхан:

– Хакім Абай атамыздың мерейтойының бір жыл бойы тойлануы бұл қазақ елі үшін үлкен рухани мереке деп білемін. Абай шығармашылығы - ұлтқа тәлім беретін мол мұра. Ақынның мұрасын оқыған әрбір адам өзіне мол рухани тірек табады.

Ұлы ойшыл бабамыз Шәкәрім: «Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан», - деп айтқандай Абайдың асыл сөздері - әр қазақ баласы үшін ақыл – ой дариясы. Әсіресе философиялық мағынасы терең қара сөздерінде қаншама даналық сөздер бар. Ұлы ақынның мерейтойы құтты болсын!



Жаратылыстану математика факультетінің 4-курс студенті Арай Ануарбекова:

– Менің түсінігімде бүгінгі өскелең заманда тек материалдық байлықпен әлемді таңқалдыру мүмкін емес. Бүгінде жаңа ғасырдың адамдары рухани құндылықтарға мұқтаж. Мәселен хакім Абайдың әдеби мұралары біз үшін үлкен рухани қазына. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» - айта отырып, бүкіл әлемді гуманизмге шақырған ұлы тұлға.

Біз Ұлы Абай дүниеге келген өңірдің тумасы болғандықтан дана бабамыздың мұраларын басқалардан тереңірек білуіміз керек. Сырт жаққа шыққанда бізге Абай елінің тумасы деп үлкен құрметпен қарайды. Бұл сөз бізге яғни ұлылар елінің жастарына үлкен сенім жүктейді.



Әзірлеген: Әсел Нұржанқызы.

АБАЙ – ҚАЗАҚТЫҢ

СҰХБАТ



– Хакім Абай мұраларының өміршеңдігі неде?

– Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Абай - қазақтың бойтұмары»- деген керемет көрегенді сөзі бар. Шынында да бойтұмар деген не? Қазақта бойтұмар – адамды сақтаушы күш деген сенім бар. Сол сияқты қазақ халқының пір тұтатын ұлы тұлғасы –хәкім Абай. Әрбір қазақ баласы Абайдың бір сөзін өзінің бойтұмарына айналдырса, ол хакім айтқан толық адам дәрежесіне көтерілер еді. Менің бойтұмарым:

« Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап», - деген ұлағатты сөзі менің өмірлік ұстанымым. Дәл осылай Абай шығармасының бір жолын әрбір жас, әрбір қазақ баласы өзінің бойтұмарына айналдырса, нағыз адам болып қалады деп санаймын!

– Дана бабамыздың даналығын бүгінгі ұрпақ жете түсініп жүр ме?

– Абайдың даналық мұрасына жан-жақты, үлкен терең оймен қарау керек. Мысалы Абайдың айтып кеткен сөздеріне бір ғасырдан астам уақыт өтті. Заман өзгеріп, қоғам жаңарса да Абайды

Таяуда еліміздің ең үлкен мәдениет ошағы Астана опера театрында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев пен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының ашылу салтанаты өтті.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен жиынға университет ректоры Мейір Ескендіров бастаған Шәкәрім университетінің делегациясы да қатысып, қайтқан еді.

Осы топтың құрамында болған Шәкәрім университеті жанындағы Абай институтының директоры Ақмарал Смағұловамен жүргізілген сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



Шәкәрім университетінің делегациясы
Абай тойының ашылу салтанатында

қайталап оқыған сайын тура осы заманды меңзеп тұрғандай әсер аламыз. Абай даналығына тереңнен бойлау үшін бірінші әрбір сөзіне жете ой жүгірте оқу керек. Сол кезде ғана біз ұлтымыздың рухани ұстазының даналығына көз жеткіземіз.

Осыдан 1914 жылы Ахмет Байтұрсынов «Абай – қазақтың бас ақыны» деген мақаласында мынандай уәж айтады: «Абайдың бүгінгі күнде шығармалары оқырмандарға тарады, бірақ халыққа толық жеткен жоқ. Себебі Абайды оқыған адам түсініксіз дейді. Бірақ, бұл жерде кінә Абайда емес, соны оқушыда. Оқушы Абайды түсінерлік жағдайға жеткен жоқ,»- деген Алаш арысының

тағылымды сөзі әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Біз әлі де болса бас ақын айтқан терең тағылымды ойларды толық меңгере алмай жатқан жайымыз бар. Бұл бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселесінің бірі деп ойлаймын. Қарап отырсақ Абай айтпаған, көтермеген, ой толғамаған тақырып жоқ және барлығының шешімін өзі ұсынады.

Егерде әрбір Алаш азаматы дана ақынның қара сөзін өзіне рухани азық етіп, жаттап өссе, Елге, Отанға қалдықсыз қызмет етер еді. Өкінішке орай, бір ғасырдан астам уақыт өтсе де біз әлі де болса, Абай мұрасын қалың жұртшылыққа дұрыс жеткізе алмай жүрміз.

Қарапайым мысал келтірсем,

БОЙТҰМАРЫ!

мектепте «Абайтану» деген пән оқытылады. Бұл - күрделі пән. Алайда бүгінгі күнге дейін абайтану оқулығы министрлік тарапынан бекітілмеген. Әр мұғалім өзінің шамасына қарай өткізуде. Біздің байқауымызша, көптеген ұстаздар балаларға тек Абай өлеңдерін оқытумен ғана шектеледі. Яғни Абай даналығына мектеп оқушылары терең бойламайды.

Абай мұрасын тереңдетіп оқуға бағытталған оқулықтар бар. Мәселен семейлік абайтанушы ғалым Жандос Әубәкір мен Гүлнар Құнафина дайындаған сапалы оқулықтар Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітіліп, еліміз бойынша абайтану пәнінен беретін барлық ұстаздарға ұсынылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Шәкәрім университетінде «Абай әлемі» деген пән оқытыла бастады. Бұл пәнді университеттің барлық студенттеріне оқытылады. Осы рухани дәрістер жастарға үлкен рухани азық беруде. Егерде жастарымыздың Абайдың даналығынан бір сөзін алып өзіне пайдалана алса, ол нағыз кемелденген, ыстық қайратты, нұрлы ақылды бойына жиған ұлтжанды азамат болып қалыптасар еді.

– Шәкәрім шаңырағында ұлы Абай мерейтойына арналған қандай іс-шаралар атқарылуда?

– Осыдан екі жыл бұрын Шәкәрім университетінде «Абай институты» ашылды. Ректорымыз Мейір Ескендіровтың бастамасымен ашылған ұлылар еліндегі институтқа жүктелер міндет те, атқарар жұмыс та көп.

2019 жылы 23 тамызда Шәкәрім университеті хакім Абайдың мерейтойына дайындықты Жидебайда поэзия пленерімен ашып, бастап кеткен болатын. Бұл жастардың поэзия пленері болды. Жан-жақтан Абайдың ізбасарлары, ұлы тұлғаны өзіне пір тұтқан жастарымыз хакім Абайдың кесенесіне келіп, өз шығармаларын арнап жатты. Қыл қалам шеберлерінің Абай бейнесін,



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Жидебай кескінін салып ұсынуы үлкен рухани дүние болды. Осылай өз бастауын алған дүние әлі де жалғасын табады деген сеніміміз мол.

Тамыз айында Абай мерейтойына арналып үлкен халықаралық конференция өткізу жоспарымызда бар. Бұл ғылыми жиында шетелдік ғалымдар және белгілі отандық абайтанушы ғалымдар бас қосып, Абай әлемін тың деректермен және айшықты ойлармен толықтырады деген үлкен үмітіміз бар.

Одан бөлек университет тарапынан көптеген іс-шаралар атқарылып, зерттеулер жүргізу, Абай тілінің сөздігін жасау, Абайтану оқулықтарын жаңа бағытта ойластырып шығару жоспарымызда бар. Тіл мамандары Абайдың қара сөздерін ағылшын тіліне аударып жатыр. Сапалы аударма жасап, Абай мұрасын әлемдік деңгейде насихаттау біздің басты мақсатымыздың бірі болып саналады. Сонымен қатар, Абайдың әкесі, қоғам қайраткері, би, аға сұлтан болған Құнанбай Өскенбайұлына арналған республикалық конференция наурыз айында болады. Міне, осындай ауқымды іс-шаралар жоспарланып отыр.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбатты жүргізген
Әсел Масалимова,
журналистика
мамандығының
4 курс студенті.**

АБАЙ МҰРАСЫ - АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ



Міржақып Дулатұлы:

«Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халықпенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз қуанар...»



Мұхтар Әуезов:

«...Абай шығармалары қазақ әдебиетін, оның бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, межеулік қалпынан шығарып, жоғары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді».



Ғабит Мүсірепов:

«Абай бой түземей, ой түзеймін дейтін адам үшін адамдық қасиеттің бірден-бір белгісі – ойланудың, ой өсірудің құралы! Абай «сөз сарасын» қадірлеген ұлттық және сол ұлттың өкілі екендігін мақтан тұтқысы келетін азаматтардың рухани бойтұмары... абайға табынбаған адам – ақылға табынбайтын адам!»

ТАНЫМ АЛАҢЫ

ДАНА МҰРАСЫ – САРКЫЛМАС ҚАЗЫНА



Абай шығармалары барлық қазақ баласының көкейінде тұруға тиісті. Бұл сөз қағидаға айналған жағдайда ұлт мұратының ұлы армандарының орындалатыны сөзсіз.

Дәл осы мақсатта Халықаралық факультеттің декан орынбасары Арай Жүндібаева Өнер және спорт факультетінің студенттерімен бірге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын талдады.

«Студенттер тек талдап қана қоймай хакім Абай туралы рухани құнды азық алып, ақын шығармасынан жастар қандай тағылым алу керектігін түсіне білді» - дейді ұйымдастырушылар.

ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ – сапалы білім берудің болашағы

“Электрондық оқыту – сапалы білім берудің болашағы” дәл осындай тақырыпта “e-Shakarim электронды университеті” орталығы әдістемелік апталықты жалғастырды.



Пленарлық отырыс барысында қашықтықтан білім беру технологияларының маңыздылығына, электрондық курстарды әзірлеудің ерекше назар аударылды.

Әрбір баяндама барысында келесі оқу жылына дейін сапалы онлайн курстар әзірлеу, «Bandicam» бағдарламасы бойынша бейне дәріс жасай отырып контенттерді сапалы толтыру, университеттің профессорлық оқытушылар құрамының күндізгі бөлім студенттеріне арналған сағаттар саны және қашықтықтан оқыту үшін сағаттар саны бірдей болуы тиіс деген әртүрлі ұсыныстар жасалды.

Жиынға аранайы қатысқан “Қаржы” кафедрасының аға оқытушысы Гүлсім Құрманбекова «Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту білім алу үдерісіне басқа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Интернет пайда болған кезде адамдарда желіде орналасқан түрлі ресурстарға тікелей қол жеткізу мүмкіндігі пайда болды. Мұндай технологиялардың әлеуеті өте жоғары, сондықтан адам өмірінің бірде-бір саласы қазір ақпараттық технологиясыз жұмыс істемейді. Мұндай технологияларды білім беруде белсенді пайдалану қашықтықтан оқыту орнын анықтады» деп өз пікірін білдірді.

БӘРЕКЕЛДІ!



ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС - ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Талапкерлер қысқы демалысты Шәкәрім университетінде өткізді. Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық бөліміне Аягөз, Бесқарағай, Үржар, Абай және Жарма аудандарынан қырықтан астам жоғарғы сынып оқушылары келіп қатысты.

Ағымдағы жылдың 3-8 қаңтар аралығында мектеп оқушылары университеттің үздік оқытушыларынан пәндердің кең спектрі бойынша білім алды.

Курс тыңдаушылары тек білім беру үрдісімен шектелмей, сонымен қатар мәдени-ойын-сауық бағдарламасына да біраз уақыт бөлді. Олар Шәкәрім университеті туралы ақпарат алып, біздің өлкеміздің тарихы туралы облыстық тарихи-өлкетану мұражайына экскурсия жасады.

Оқушылар арасында болашақта Шәкәрім университетінің студенті боламын деп ниет білдіргендері де көп болды.

Талапкерлер қысқы демалыс уақытын қызықты әрі пайдалы өткізіп, жағымды әсер алып қайтты.



ЖАРАЙСЫҢДАР БАЛУАНДАР!

Өнер және спорт факультетінің 1 курс студенті Төкешов Әділ қазақ күресінен чемпион атанды.

Павлодар қаласында Кемел Әшімбетовті еске алуға арналған Республикалық турнирде ауыр салмақта бақ сынағанан балуандарымыз жүзден жүйрік шықты.

Сондай-ақ, 100 кг салмақта дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенті Жұмашев Ерасыл және 90 кг салмақ дәрежесінде магистрантымыз Хасенов Айдар 3 орынға ие болды.

Балуандарды жеңісімен құттықтаймыз!

АРДАГЕРЛЕР ЖАРЫС АЛАҢЫНДА

Шахматтан ардагерлер арасындағы қала чемпионаты басталды.

Қала және облыстың бірнеше дүркін чемпионы, спорт және еңбек ардагері Михаил Федорович Лукиннің 90 жылыдығына арналған чемпионат Шәкәрім университетінің Со-Working орталығында өтуде.

Чемпионат төрағасы баскетболдан және шахматтан жоғары санаттағы ұлттық төреші Владимир Львович Сороко болды.

Семей қаласының денешынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырып жатқан чемпионатқа 60 жастан асқан 30 қатысушы қатысу үстінде. Сондай-ақ, жарысқа спорт ардагері Лукин Михаил Федоровичтің өзі арнайы қатысып, уақытын ойыншылармен бірге өткізуде.

Чемпионаттың ресми ашылу салтанатына қаламыздың шахмат мектептерінің оқушылары да қатысты.

Мерейтой иесі мен ардагерлер оларға мастер-класс өткізіп, қызығушылықтарын арттырды.



**4 курс студенті
Игембек Алихан**

грэпплингтен халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды. Айта кетейік, спортшымыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен Astana open турнирінде бақ сынаған болатын. Жеңімпазымызды шын жүректен құттықтаймыз!

БАЛАЛАР ФУТБОЛ ЛИГАСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОЙЫНЫ

Шәкәрім университетінде «Балалар футбол лигасының» кезекті қысқы ойыны өтті.

Жарысқа Павлодар, Екібастұз, Өскемен және Семей қалаларының футбол орталықтары мен Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен 8 команда қатысты.

Балалар жаттықтырушыларын еске алуға арналған жарыста барлық командалар дене шынықтыру және тактикалық дайындықтарының жақсы деңгейін көрсете білді.

Ымырасыз күрес нәтижесінде

- 1 орын – Семей қаласы “Алтай” футбол командасы
- 2 орын-Павлодар қаласы Балалар мен жасөспірімдер командасы
- 3 орын – Семей қаласы “Алтай-2” футбол командасы
- 4 орын – Өскемен қаласы “Алтай” футбол командасы иеленді.

Ұйымдастыру комитеті номинациялар бойынша үздік ойыншыларды анықтап, барлық жүлдегерлер мен номинанттарды арнайы кубоктармен марапаттады.





ТАЛАПКЕР-2020

ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Университет туралы ақпаратты түлектер көп жағдайда сол университеттің қызметкерлерінен естігенді дұрыс деп санайды. Қандай мамандық таңдаймын деп ойланyp жүрген талапкерлерге бағыт-бағдар беру үшін “Старт Профи-Shugys” бағдарламасының стенд-моб бірінші кезеңі басталды.

Бағдарлама аясында университет өкілдері өз жұмысын Жарма ауданы, Қалбатау ауылынан бастады.

Барлық жоғарғы сынып оқушылары үлкен қызығушылықпен келіп, қызықтырып жүрген сұрақтарына жауап алды.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен өтіп жатқан шара одан әрі Аягөз, Үржар аудандарында жалғасын табады. Сондай-ақ, Шәкәрім университетінің өкілдері сіздерді Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарғай, Көкпекті, Зайсан, Күршім, Тарбағатай аудандарында, Курчатов, Алтай қалаларында өтетін кездесуге шақырады.

Толығырақ уақыт пен күнді сіз Instagram-аккаунтында (@shakarim_sca) немесе 87222-315463, Call-центр 8 800 080 83 83 нөмірлерінен біле аласыз. Сіздерді “Старт Профи-Shugys” стенд-мобта күтеміз!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

КОРОНАВИРУСТЫҢ СИМПТОМДАРЫ

Респираторлық жолмен жұғады



- Бастың ауыруы
- Мұрыннан су ағу
- Кеуде тұсының ауырсынуы
- Пневмония
- Безгек
- Дене қызуының көтерілуі
- Жүрек қағысының жиілеуі
- Тыныс алудың бұзылуы

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ:



- Антисептикалық сұйық сабынмен қолды жиі жуу
- Ауруды жұқтырған адаммен жақын байланыста болмау
- Ет пен жұмыртқаны жақсылап қуырып/қайнатып пайдалану
- Мұрыннан су аққанда, жөтел кезінде қол орамал пайдалану
- Жабайы жануарлар мен малға жақындамау

Аталған симптомдарды байқасаңыз, **103** нөміріне хабарласыңыз
Сондай-ақ **1406** нөміріне хабарласып, қосымша ақпарат алуға болады



Құрылтайшысы:
Семей қаласының Шәкәрім
атындағы мемлекеттік
университеті.

Студент - жастарға арналған
ақпараттық-танымдық
басылым айына
бір рет шығады.

Редактор Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның
мекен-жайы:
Семей қаласы,
Глинка
көшесі, 20 а,
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университетінің
баспаханасында басылып
шығарылды.
Тел: 31-88-34
Семей қаласы, Глинка, 20 а
Таралымы 500 дана